

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылдың 29 наурыздағы  
№ ДС-142 сауалға

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің Жаңаарқа ауданына қарасты Жұмажанов ауылының аумағын су басқан кезде суға мұнай қалдықтарының араласу фактісіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында жергілікті әкімдік, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, сондай-ақ төтенше жағдай департаменті өкілдерінен жасақталған арнайы жұмыс тобы құрылды.

Осыған байланысты орын алған жағдайды зерделеу мақсатында Ұлытау облысы бойынша Экология департаменті қызметкерлері мен арнайы жұмыс тобы мүшелері а.ж. 27 наурызда Жаңаарқа ауданына барып тиісті заңды тұлға аумағының 6 нүктесінен тиісті сынамалар алды.

Сынау нәтижесі бойынша іріктелген судағы мұнай өнімдерінің құрамындағы мұнай өнімдері Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығымен бекітілген ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштердің гигиеналық нормативтеріне сәйкес шектеулі рұқсат етілген көрсеткіштен аспайтыны анықталды.

Сонымен қатар биылғы 15 сәуірден бастап заңды тұлғаға қатысты су объектісінің мұнай қалдықтарымен ластану фактісі бойынша жоспардан тыс тексеруді бастау рәсімдері жүргізілуде.

Тексеру нәтижесі бойынша аталған факт расталатын болса Ұлытау облысының Экология департаменті, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріп, әкімшілік сипаттағы шаралар қабылдайтын болады.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі аталған жағдай бойынша сіздерге қосымша хабарлайды.

*Қазақстан Республикасы бойынша мұнай қалдықтарын сақтау полигондарына тексеріс жүргізуге қатысты*

Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы №352-П бұйрығымен қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізу кестесі бекітілді.

Кестеге сәйкес 2024 жылы 289 бақылау субъектісінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру жоспарланған.

Су тасу кезеңі аяқталғаннан кейін химиялық талдау жүргізу үшін су мен топырақ сынамалары алынып, полигондар мемлекеттік экологиялық бақылау шеңберінде тексерілетін болады.

Жалпы экологиялық қауіпсіздік мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**О. Бектенов**